

**ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ МӘДЕНИЕТ, АРХИВТЕР ЖӘНЕ
ҚҰЖАТТАМА БАСҚАРМАСЫНЫҢ «ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСТЫҚ БАЛАЛАР ЖӘНЕ ЖАСӨСПІРІМДЕР КІТАПХАНАСЫ»
КММ**

**Ұлттық әдебиет және
өлкетану орталығы**

**«Алтын қақпа»
(зияткерлік ойын, 6-11 сынып)**

Өскемен, 2016 ж.

Сабақтың мақсаты: Оқушылардың салт-дәстүр бойынша білім қабілеттерін тексеру, тапқырлықты дамыту, қабілетті және дарынды балаларды қолдау, ұйымшылдыққа, жеңімпаз, озық болуға тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: жарыс сабақ

Сабақтың типі: зияткерлік ойын

Сабақтың әдісі: сұрақ-жауап, түсіндіру, әңгімелеу.

Сабақтың көрнекілігі: Алтын сандық, слайд-шоу, сұрақтар салынған қоржын.

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру. Сайыскерлермен, көрермендермен амандасу.

Сайыстың шарттарымен таныстыру.

Ойын үш қақпадан тұрады:

I. Тас қақпа - «Тәрбиенің тамыры салтымызда» (салт-дәстүр туралы)

II. Күміс қақпа – Сырлы сөздер сыры» (көркем теңеу, бейнелеуге түсінік)

III. Алтын қақпа - «Ескірмейтін есті сөз» (ырым-тыйым сөздер)

IV. Алтын сандық – «Көне кебеже» (мақал-мәтел).

Үш қақпаны да ашқан адам Алтын сандықтағы сұраққа жауап береді.

Әр қақпаға жету үшін тапсырма беріледі.

1) Әдет – ғұрыптың қандай түрлерін білесіңдер? (Жар – жар, сыңсу, Беташар, Жоқтау, Тойбастар)

2) Бесікте жатқан нәрестеге қазақтар қандай жыр айтқан? (Бесік жыры)

3) Қазақтың ұлттық киімдерін ата (камзол, тақия, сәукеле, бешпент, бөрік)

4) Төрт түлік малдың иесін ата.(қой – Шопан ата; жылқы – Қамбар ата; түйе – Ойсылқара; сиыр – Зеңгі баба)

5) Ұлттық тағамдар мен сусындарды атаңдар (ет асу, бауырсақ, ірімшік, құрт, талқан, айран, қымыз, қаймақ, қазы – қарта, жал – жая, шұбат)

6) Киіз үйдің жабдықтары (шаңырақ, уық, кереге, түндік, үзік, туырлық, басқұр, белдеу, ши, тоқымабау)

I. «Тәрбиенің тамыры салтымызда»

Қазақта «Алты жыл аш болсаң да, атаңның салтын ұмытпа» деген мақал бар. Алғашқы қақпамыздың сұрағы ата - баба дәстүрі мен салты, жөн - жоралғысы туралы.

«Тас қақпа» сұрақтары

1. Ат қою – жас нәресте дүние есігін ашқан соң, оған есім беріледі. Қазақ халқы есімді жайдан-жай қоя салмайды. Халқымыз сәбиге ат қоюға ерекше мән берген. Осы ат қою дәстүрінен де халықтың наным - түсінігі, салт - санасы, арман - мүддесі, эстетикалық талғамы көрінеді.

2. Бәйге - қазақ халқының ұлттық спорттық ойындарының бірден-бір көп тараған түрі.

3. Бесік — нәрестені бөлеуге арналған ағаш төсек.

4. Тұсау кесу. Бала бесіктен белі шығып, еңбектеуден өткен соң аяғын қаз - қаз баса бастайды. Өз аяғымен туған жерінің топырағын басып, із түсіріп, өз көзімен алдына қарап таң - тамаша болады. Бұл баланың ең алғашқы

талпынысы, тіршілігі. Мұны ежелден түсінетін қазақ баласының келешегіне ақ жол тілеп, тұсау кесер жасайды.

5. «Сүйінші» деген не? (қуанышты хабар жеткізуші адам «Сүйінші, сүйінші» деп келеді. Мұндайда қуанышты үй иесі «Қалағаныңды ал» дейді немесе оған риза болатындай сыйлық ұсынады. Бұл – қуанудың, ризалықтың белгісі.)

6. Бата, бата беру — адал ниет, жақсы тілек білдірудің ұлттық дәстүрі.

II. «Сырлы сөздер сыры»

Тіліміз дүниежүзіндегі ең сөздік қоры бай, бейнелі де бедерлі, көркем де кестелі тілдерінің бірі екені бәріне аян. Өйткені қазақ халқының ұлттық ойлау ерекшелігі – дүниені көркем образбен қабылдауында.

«Өткірдің жүзі, Кестенің бізі, Өрнегін сендей сала алмас», - деп ұлы Абай атамыз таңырқап, тағзым еткен де осы қасиетті тіліміз. Келесі кезең – тұрақты сөз тіркестерінің баламасын табу. Мысалы, ит арқасы қиянда – алыста, қызыл кеңірдек болу – дауласу т.с.с.

«Күміс қақпа» сұрақтары

1. Көзді ашып-жұмғанша – жылдам, тез.
2. Төбесі көкке жетті – қатты қуанды.
3. Екі көзі төрт болды - ұзақ күтті.
4. Жүрегі зу етті – қорықты.
5. Қабағынан қар жауғандай - ашулы
6. Ат шаптырым жер – алыс жер
7. Жерден жеті қоян тапқандай болу – қатты қуану
8. Қас пен көздің арасында – тез арада, жылдам
9. Тайға таңба басқандай – анық
10. Аузына құм құйылу – сөзден жеңілу
11. Қой аузынан шөп алмау – момын
12. Таяқ тастам жер – жақын жер
13. Бет - аузына бес ит тойғандай – лас, кір
14. Екі езуі екі құлағында – қатты қуану
15. Иығынан су кетті – жолы болмау
16. Ит пен мысықтай – араз
17. Су тегін – арзан
18. Төбе шашы тік тұрды – қорықты.

III. «Ескірмейтін есті сөз»

Жас ұрпақтың ұлттық дүниетанымын қалыптастыруда қазақ халқының тыйымдары мен ырымдарының орны ерекше. Бұл халықтық этнопедагогиканың үлкен бір бөлігі. Бұл ырым-тыйымдарды, наным сенімдерді кейде халықтың ұзақ жылғы тәжірибесінен шыққан түсінігіне, кейде қарапайым әдеп қағидаларына жатқызуға болады. Мысалы, адамзаттың алтын бесігі - табиғатқа байланысты: құмырсқаның илеуін бұзба, суға түкірме, көкті жұлма, ысырапшылдыққа жол берме, т.с.с.

(Берілген нақыл сөздерді сайыскерлер түсіндіріп беруі керек)

«Алтын қақпа» сұрақтары

1. Аққуды атпайды *(киесі ұрады, аққу - киелі құс)*
2. Жолаушының қайда баратынын сұрамайды *(жолаушының жолы болмай қалады дейді, сондықтан, «жол болсын» деп сұрайды.)*
3. Балаға құйымшақ жегізбейді *(бала ұшқалақ, жеңілтек, сабырсыз болады дейді)*
4. Көкті жұлма *(енді қаулап өсіп келе жатқан көк шөпті жұлу табиғатқа қарсы шығу мен қатар көктей қаулап өспей қаласың деген ырымды білдіреді.)*
5. Ауылға атпен шауып келуге болмайды *(қаралы хабар жеткізгенде немесе ауылға жау шапқанда шауып кіреді)*
6. Жақын адамға мысық, ит, пышақ немесе басқа да қару сыйламайды *(араздасып қалады дейді)*
7. Су ішкен құдығына түкірме *(адам пайдаланатын ауыз суды ластамау)*
8. Ішінде суы, тамағы бар ыдыстың бетін ашық қалдырмау *(тазалық жағынан шөп-шалам, шіркей түсіп кетеді және жын-шайтан жалап кетеді дейді)*
9. Жас балаға, қызға кәрі жілік ұстатпайды *(қартайғаниша үйленбей жүріп қалады)*
10. Ымырт түсе үй тазалама, қоқыс шығарма *(үйдің ырысы кетеді)*

IV. «Көне кебеже»

Гасырлар бойы сұлуланып, салмақтанған асыл сөз, сөз мәйегі - мақал келесі қақпамыздың мазмұны. Дана халқымыздың көне де, көркем мәдени мұрасы – мақалдар мен мәтел сөздер. Мына көне кебежеде сары майдай, көздің қарашығындай сақталған асыл дүние – мақалдар жазылған. Берілген сөздерді қатыстырып мақал құрау. Осы мақалды тауып айтуыңыз керек.

«Алтын сандық» сұрақтары

1. Шың
2. Тау
3. Төбе
4. Құз
5. Тәуекел

Жауабы: Тәуекел тау жығады.

Қорытынды. Барлық қақпадан сүрінбей өтіп, Алтын сандықты ашқан сайыскер жеңімпаз атанып, марапатталады.

Орындаған:

Тексерген:

Қабдолова П.С.

Кенжебекова Н.М.